

«БЕКІТІЛДІ»

«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің хаттамасымен  
2025 ж. «25» қараша № 28/25 хаттама

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ  
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ

# ҚАҒИДАЛАРЫ

«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ

Алматы қ., 2025 ж.

## **МАЗМҰНЫ:**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ МЕН НЫСАНЫ
3. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ
5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ
6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ
8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР
10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР
11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ
12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ
13. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ
14. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «BASEL» СҚ» АҚ-ның (бұдан әрі – Сақтандырушы) жеке сот орындаушыларының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жеке сот орындаушыларының өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде бұзушылықпен келтірілген зиян үшін, сондай-ақ жеке сот орындаушысы заң бойынша қызметі үшін жауапты болатын тұлға келтірген зиян үшін, моральдық зиянды, алынбаған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, жеке сот орындаушыларының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды белгілейді.
- 1.2. Қағидалардың шарттарында Сақтандырушы жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды, олар бойынша Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысының өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде бұзушылықпен келтірілген зиянды, сондай-ақ жеке сот орындаушысы заң бойынша қызметі үшін жауапты болатын тұлға келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүдделерін сақтандыруға береді, ал Сақтандырушы қабылдайды.
- 1.3. Сақтандыру шарттарын Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы) зиян келтіруі мүмкін тұлғалардың пайдасына жеке және заңды тұлғалармен жасайды.
- 1.4. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) Пайда алушы - сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
  - 2) Сақтандырушы – «Basel» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы, сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шарты жасалған тұлғаның (Пайда алушының) пайдасына Сақтандыру шартында айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
  - 3) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан жеке сот орындаушысы;
  - 4) Сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтандыру шартында Сақтандырылушы тұлға Сақтанушы да, сондай-ақ моральдық зиянды, алынбаған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, Сақтанушы заң бойынша қызметі үшін жауапты болатын тұлға да бола алады.
  - 5) Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
  - 6) Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
  - 7) Сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
  - 8) Үшінші тұлға (Пайда алушы) - Сақтандыру шартының тарапы болып табылмайтын, оған көмек көрсетілген және Сақтанушының өз лауазымдық міндеттерін орындау кезіндегі бұзушылықтары, сондай-ақ Сақтанушы заң бойынша қызметі үшін жауапты болатын тұлға келтірген зиян нәтижесінде оның мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген тұлға.

## 2. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ МЕН НЫСАНЫ

- 2.1. Оларды жүзеге асыру кезінде жауапкершілігі сақтандыруға қабылдануы мүмкін кәсіптік қызметтің түрлері:
  - 1) процестік құжаттарды дұрыс ресімдемеу;
  - 2) атқарушылық құжат орындалғаннан, жеке сот орындаушысының қызметіне және орындау жөніндегі шығыстарға ақы төленгеннен кейін мәжбүрлеп орындату шараларының уақтылы күшін жоймау, бұл борышкерге зиян келтіруге әкеп соқса;
  - 3) оған қатысты атқарушылық іс-әрекеттер жүргізілетін тұлғаны оған зиян келтіруге әкеп

- соққан жасалатын іс-әрекеттердің салдары туралы хабардар етпеу;
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) атқарушылық іс жүргізу тараптарынан алған құжаттарын жоғалтуы немесе бүлдіруі;
  - 5) оның қызметі нәтижесінде өзіне белгілі болған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз жария ету.
- 2.2. Сақтандыруға жататын кәсіптік қызметтің нақты түрі тараптар арасында жасалған Сақтандыру шартында көрсетіледі.
  - 2.3. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын, белгіленген нысандағы Сақтанушының өтініш-сауалнамасы (жазбаша немесе электрондық нысанда) негізінде жасалады.
  - 2.4. Осы Қағидалар шеңберінде Сақтандыру шарты қағаз тасығышта жазбаша нысанда немесе электрондық нысанда жасалады;
  - 2.5. Сақтандыру шартында сақтандыру мүддесінің болуы көзделуге тиіс.
  - 2.6. Жазбаша нысандағы сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандырушының кеңсесіне тікелей жүгінген кезде тараптардың қағаз тасығыштағы сақтандыру шартына қол қоюы арқылы, сондай-ақ Сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық нысанда жасалады.
  - 2.7. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызы бар барлық белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
  - 2.8. Сақтанушы сондай-ақ Сақтандырушының сақтандырылатын тәуекелге қатысты қойған сұрақтарына жауап беруге және Сақтандырушы сұратқан құжаттарды ұсынуға міндетті.
  - 2.9. Сақтандырылған тәуекел туралы ақпараттың дұрыстығына Сақтанушы жауапты болады.
  - 2.10. Егер Сақтанушы үндемей қалған жағдайлар енді маңызды болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
  - 2.11. Сақтанушы Сақтандырушыны басқа тұлғалар тарапынан талап-арыздардың, сот істерінің болуы немесе қабылданған сот шешімдерінің болуы туралы хабардар етуге міндетті.
  - 2.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мәліметтер/елеулі шарттар болуға тиіс.
  - 2.13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп саналады және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

### **3. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ**

- 3.1. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) оның атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруына байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу міндетіне байланысты мүлдіктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

- 4.1. Сақтандырылушының атқарушылық құжаттарды орындау кезінде жіберген кәсіби қателіктерінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлдіктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады.
- 4.2. Кәсіби қателіктер деп мыналар түсініледі:
  - 1) процестік құжаттарды дұрыс ресімдемеу;
  - 2) борышкерге зиян келтіруге әкеп соққан атқарушылық құжат орындалғаннан, жеке сот орындаушысының қызметіне және орындау жөніндегі шығыстарға ақы төленгеннен кейін мәжбүрлеп орындату шараларының уақтылы күшін жоймау;
  - 3) оған қатысты атқарушылық іс-әрекеттер жүргізілетін тұлғаны оған зиян келтіруге әкеп соққан жасалатын іс-әрекеттердің салдары туралы хабардар етпеу;
  - 4) сақтанушының (сақтандырылушының) атқарушылық іс жүргізу тараптарынан алған құжаттарын жоғалтуы немесе бүлдіруі;

- 5) оның қызметі нәтижесінде өзіне белгілі болған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз жария ету;
- 4.3. Жеке сот орындаушысының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартымен сақтандырылған тұлғаның атқарушылық құжаттарды орындау барысында үшінші тұлғалардың мүлктік мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соққан өзге де іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) айқындалуы мүмкін.
- 4.4. Егер келтірілген зиянның мөлшері кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерінен асып кетсе, жеке сот орындаушысы өзі келтірген зиян үшін өзіне тиесілі жеке мүлкімен, оның ішінде ақшасымен жауап береді.
- 4.5. Өтелуге жататын зиян келтіру фактісі мүдделі тараптардың келісімімен, ал дау туындаған жағдайда сотпен белгіленеді.

#### **5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның шарттарымен айқындалады және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке сот орындаушылары үшін шарт жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) кемінде 1000 (мың еселенген) мөлшерін, өзге де жеке сот орындаушылары үшін кемінде 500 (бес жүз еселенген) мөлшерін құрауға тиіс.
- 5.2. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтанушы сақтандыру сомасы мен залалдың нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

#### **6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА**

- 6.1. Сақтандыру шартының сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Сақтандыру шартына Тараптар немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен төлеу арқылы біржолғы төлеммен төлеуге тиіс.
- 6.3. Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн сақтандыру сыйлықақысы төленген күн болып саналады.
- 6.4. Сақтандырушы Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлемеген күннен бастап Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының Сақтанушыға жазбаша хабарлауы талап етілмейді.
- 6.5. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандыру сыйлықақысы әлі төленбеген болса, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды.
- 6.6. Сақтандыру шарты сөзсіз франшизамен жасалады.
- 6.7. Франшиза мөлшері Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке-жеке келісіледі.

#### **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ**

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде қолданылады.
- 7.2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
- 7.3. Осы Қағидаларға сәйкес Сақтандыру шартының қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.

#### **8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 8.1. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Сақтанушы/Сақтандырылушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарттың талаптары мен шарттарын орындауын тексеру;
- 2) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабарлама алған кезде Шарттың талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысын толықтыруды талап ету;
- 3) Сақтанушы өзіне белгілі болған, Шартты жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған, сақтандыру қатерінің артуына елеулі ықпал ететін мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамағанда не Сақтанушы Шарттың талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру қатерінің артуына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірген жағдайда, Шартты бұзуды талап ету;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;
- 5) Сақтанушыдан/Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның басталу мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап ету;
- 6) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;
- 7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандыру шартының аясында ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялардың жүргізілуін тоқтата тұру/бас тарту;
- 8) Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасау.

#### 8.2. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны сақтандыру шарттарымен таныстыру және Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның талабы бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру қағидаларын (қажет болған жағдайда) ұсыну;
- 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 3) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы не олардың өкілі Шарттың 10-бабында көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оны жетіспейтін құжаттар туралы дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар ету;
- 4) Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға және Пайда алушыға Шарттың талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша уәждемелі бас тартуды жіберу;
- 5) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеу;
- 6) Шартта немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасау.

#### 8.3. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның құқығы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, өзінің Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіріп беруді талап ету;
- 2) Шартта көзделген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемін уақытылы алу;
- 3) Шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуын немесе оның мөлшерін азайтуын даулау;
- 5) сақтандыру құпиясының сақталуы;
- 6) Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасау.

#### 8.4. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның міндеттері:

- 1) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпке және мерзімге сай сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
- 2) Шартты жасасқан кезде және оның қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру нысанына қатысты ұқсас қатерлер бойынша қолданылатын/жасалатын барлық сақтандыру шарты туралы жазбаша хабарлау;

- 3) Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар ету;
  - 4) егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Шартты жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау;
  - 5) үшінші тұлғаның сот актілерін орындау бойынша қызмет көрсету кезінде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды ұсыну фактісі туралы өзіне белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлау. Ауызша нысандағы хабарлама одан кейінгі 72 (жетпіс екі) сағат ішінде жазбаша расталуға тиіс. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен осы көрсетілген әрекеттерді орындай алмаған болса, ол оны құжатпен растауы тиіс;
  - 6) тәуекел дәрежесі артқан кезде Сақтанушы Шартты өзгерту және/немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шартқа өзгерістер енгізу және/немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
  - 7) Сақтандырушы сұратқан, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажет барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;
  - 8) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.
- 8.5. Пайда алушының/Зардап шегушінің құқықтары:
- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, өзінің Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіріп беруді талап ету;
  - 2) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) орнына сақтандыру төлемін жасауға қажет құжаттарды жинау және оларды Сақтандырушыға беру;
  - 3) Сақтандырушы анықтаған келтірілген залал мөлшері мен сақтандыру төлемінің нәтижелерімен танысу;
  - 4) сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін Шартта көзделген тәртіппен және мерзімде алу;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуын немесе оның мөлшерін азайтуын даулау;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуын немесе оның мөлшерін азайтуын даулау;
  - 7) Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасау.
- 8.6. Осы Қағидаларда көрсетілген Сақтанушының міндеттері Пайда алушыға да тең дәрежеде қолданылады. Пайда алушы осы міндеттерді орындамаса, Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға орындамағандай салдарға ұшырайды.
- 8.7. Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Қағидаларда көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.
- 8.8. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Қағидаларда көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

## **9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР**

- 9.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін болған кезде Сақтанушы/Пайда алушы мыналарға міндетті:
- 1) оқиға басталған күннен бастап (оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап) 3 (үш) жұмыс күні ішінде, бірақ одан кешіктірмей, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның сипатын, мән-жайларын (себептерін) көрсете отырып, Сақтандырушыны жазбаша хабардар ету, бұл ретте барлық белгілі ақпаратты көрсетіп және қолда бар құжаттарды ұсыну. Егер Сақтанушының дәлелді себептермен Сақтандырушыны хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауы тиіс;

- 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіптік қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау;
  - 3) Сақтандырушының нұсқауларын (олар болған кезде) орындау. Алайда, бұл нұсқаулар Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі өз міндетін мойындауы ретінде қарастырыла алмайды;
  - 4) өтемақы төлемеуге, оқиғаның басталуына байланысты оған қойылатын талаптарды ішінара немесе толық мойындамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осындай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді қабылдамау;
  - 5) тиісті органдарға олардың құзыретіне сүйене отырып, болған оқиға туралы хабарлауға, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті құзыретті органдардың оқиғаны құжаттамалық ресімдеуін қамтамасыз ету;
  - 6) Сақтандырушыға (оның өкіліне) сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеруге және келтірілген залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік беру;
  - 7) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының басталу мән-жайлары мен себептерін тергеп-тексеруде жан-жақты жәрдем көрсетуге, Сақтандырушының пікірі бойынша болған оқиғаның мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті түсініктемелер беру және/немесе құжаттарды ұсынуға кедергі келтірмеу және одан жалтармау.
- 9.2. Зиянды өтеу туралы талап немесе талап арыз ұсынылған кезде Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға мыналарға міндетті:
- 1) дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар ету;
  - 2) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз өзіне ешқандай міндеттемелер қабылдамау, зиянды өтеу туралы ешқандай уәде бермеу;
  - 3) Сақтандырушыға істің мән-жайларына қатысты барлық қажетті ақпаратты (коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда), атап айтқанда, осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратты, құжаттарды, оның ішінде оқиғаға қатысы бар барлық тұлғалардың аттарын, атауларын мен мекенжайларын ұсыну;
  - 4) Сақтандырушыға тергеуде қажетті көмек көрсетуге, Сақтандырушыға зиянды өтеу туралы талапқа байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға мүмкіндік беру;
  - 5) сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеруге байланысты келіп түскен барлық ақпаратты хабарлау, сондай-ақ келтірілген залалдың мән-жайлары мен мөлшерін анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды ұсыну;
  - 6) үшінші тұлғалардың талаптары негізсіз деп танылған жағдайда, Сақтандырушының қатысуымен жауап дайындау және жіберу;
  - 7) Сақтандырушының сот процесіне қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
  - 8) Сақтандырушыға мүдделерді соттан тыс және сотта қорғауда жәрдем көрсету;
  - 9) сот талқылауы басталғанға дейін және оның барысында Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған қандай да бір іс-әрекеттер жасамау;
  - 10) Сақтандырушыға өтініш берген күніне Сақтанушыға белгілі мән-жайларды көрсете отырып, сақтандыру жағдайы туралы белгіленген нысандағы жазбаша өтініш беру.
- 9.3. Белгілі болған күннен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандырушыға мыналарды хабарлауға міндетті:
- 1) сақтандыру оқиғасына байланысты оған қатысты қылмыстық іс қозғау, құзыретті органдардың алдын ала тергеу жүргізуі, мүлікке тыйым салу, өзге де қылмыстық-процестік іс-әрекеттер жүргізу туралы;
  - 2) Сақтандырушы материалдарды қарағанға және өз шешімін шығарғанға дейін үшінші тұлғаның немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тапсырыс берушісінің сотқа талап арыз беруі туралы. Бұл жағдайда Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандырушының өтініші бойынша өзі көрсеткен тұлғаға барлық қажетті процестік өкілеттіктермен сот процесінде Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өкілі болу құқығына сенімхат беруге міндетті.

- 9.4. Пайда алушы Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның мұны жасағанына не жасамағанына қарамастан, барлық жағдайда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға құқылы.
- 9.5. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе, оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

#### **10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР**

- 10.1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының түріне байланысты сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 1) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы өтініш;
  - 2) Шарттың көшірмесі;
  - 3) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіптік қызметтің нақты түрін жүзеге асыру құқығына лицензиясының нотариалды куәландырылған көшірмесі (мұндай лицензияның қажеттілігі қолданыстағы заңнамамен шартталған жағдайда);
  - 4) кәсіптік қызметтер көрсетуге үшінші тұлғамен жасалған шарт (мұндай шарттың қажеттілігі қолданыстағы заңнамамен шартталған жағдайда);
  - 5) атқару парағы және атқарушылық іс жүргізу материалдары;
  - 6) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға көрсеткен тиісті кәсіптік қызметтер үшін, қызметтер көрсетудің аяқталғанын және олардың қызметтерді алу фактісін растайтын орындалған жұмыстар актісі (егер көзделсе);
  - 7) қолданыстағы заңнамада белгіленген сотқа дейінгі (соттан тыс) тәртіппен Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға ұсынылған ақшалай немесе өзге де материалдық өтемақы туралы үшінші тұлғаның жазбаша талабының (наразылығының, шағымының, өтінішінің) көшірмесі;
  - 8) талапты реттеу бойынша үшінші тұлғамен хат алмасуды және сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаға қатысты өзге де хат алмасуды;
  - 9) қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен істі қарауға уәкілетті сотқа берілген үшінші тұлғаның талап арызының көшірмесі;
  - 10) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның зиянды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталғаны фактісін тану және жәбірленушіге келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі және наразылық құжаттарының көшірмелері (егер дау сот тәртібімен шешілсе);
  - 11) сақтандыру жағдайының басталғаны фактісі мен себебін растайтын, сондай-ақ келтірілген зиянның мөлшерін айқындауға мүмкіндік беретін уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары;
  - 12) көшірмелерді берген органның мөрімен куәландырылған қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі немесе сот үкімінің көшірмесі (зиян келтіруге әкеп соққан мән-жайларды тергеп-тексеруге ІІМ, прокуратура органдары және басқа да құқық қорғау органдары қатысқан жағдайларда);
  - 13) Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар;
  - 14) клиентке (Сақтанушыға, Сақтандырылған тұлғаға және Пайда алушыға және олардың өкілдеріне) және Сақтанушының бенефициарлық меншік иесіне тиісті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін құжаттар.
- 10.2. Сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мақсатында Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар құзыретті органдардан мәліметтер мен құжаттарды сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.

- 10.3. Сақтанушының залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеу үшін оларды растайтын құжаттар (чектер, түбіртектер, шоттар, жүкқұжаттар, орындалған жұмыстардың актілері және т.б.) қоса берілуге тиіс.
- 10.4. Сақтандырушыға шет тілде ұсынылатын құжаттар нотариалдық куәландырумен қазақ немесе орыс тіліне аударылуы тиіс.
- 10.5. Жоғарыда аталған құжаттардан басқа, Сақтандырушы, егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның жауапкершілігінің басталу фактісін, себептерін, мән-жайларын, олардың үшінші тұлғаларға немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тапсырыс берушісіне келтірген зиянының салдарын және мөлшерін анықтауды мүмкін етпесе (немесе өте қиындатса), Сақтанушыдан/Сақтандырылған тұлғадан/Пайда алушыдан өзге де құжаттарды талап етуге құқылы.
- 10.6. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы өтініш берушіге беруге міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісімен Сақтандырушыда қалады.
- 10.7. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіні жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

#### **11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

- 11.1. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде үшінші тұлғаға немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тапсырыс берушісіне келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ франшизаны ескере отырып, Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінен) аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.
- 11.2. Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама (құзыретті тұлғаның бағалауы) жүргізуге құқылы. Сараптама (бағалау) жүргізу жөніндегі шығыстарды төлеу оны жүргізуді талап еткен тарапқа қарамастан, екі тараптың есебінен тең дәрежеде жүргізіледі.
- 11.3. Тараптардың бірі жүргізілген сараптама нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушы зиянның даулы емес бөлігін Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде төлеуді жүзеге асыруға құқылы.
- 11.4. Залалдардың алдын алу немесе азайту мақсатында жұмсалған шығыстардың мөлшері осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде айқындалады.
- 11.5. Сақтанушының ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығыстардың өтемақысы Шартта көзделген Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінен аспауы тиіс.
- 11.6. Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған шығыстар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 11.7. Егер үшінші тұлғаға келтірілген зиянды Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға ғана емес, оны келтіруге жауапты өзге де тұлғалар өтеуге тиіс болса, онда Сақтандырушы төленуге тиісті толық сома мен зиян келтіруге жауапты өзге тұлғалардан өндіріп алынуға тиісті сома арасындағы айырманы ғана өтейді. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандырушыны осындай тұлғалардың бар екендігі және осы тұлғалардан өндіріп алынуға тиісті өтем сомалары туралы хабардар етуге міндетті.
- 11.8. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандырушы өзіне тиесілі сақтандыру сыйлықақыларын не Сақтанушы төлемеген сақтандыру жарналарын есепке алуды жүргізуге құқылы.
- 11.9. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының басталғанын және келтірілген залал мөлшерін растайтын барлық құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

- 11.10.Сақтандырушы өтініш берушіге бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды мынадай жағдайларда тоқтата тұруға құқылы:
- 1) егер тиісті құзыретті органдар қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген үкім шығарылғанға немесе тергеу аяқталғанға дейін және Сақтандырушыға тиісті құжаттар ұсынылғанға дейін сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан мән-жайларға қатысты қылмыстық іс қозғаса немесе әкімшілік тергеуді бастаса;
  - 2) егер құзыретті органдардан олардың дұрыстығы туралы растау алынғанға дейін, 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге сақтандыру оқиғасының басталғанын немесе келтірілген залал мөлшерін растайтын ұсынылған құжаттарды тексеру үшін объективті (дәлелді) негіздер болса;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.
- 11.11.Егер Сақтанушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығындары Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жасалса, Сақтандырушы тиісті шаралардың сәтсіз болғанына қарамастан, осындай шығындарды өтеуі тиіс.
- 11.12.Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданғаннан кейін 15 (он бес) банктік күн ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен жүзеге асырады.
- 11.13.Шарт шеңберінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сомасының (жауапкершілік лимитінің) мөлшері сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күннен бастап төленген өтем сомасына азайтылады, ал сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) таусылған жағдайда, Сақтандырушының Шарт бойынша міндеттемелері толық орындалған болып есептеледі және тоқтатылады.

## **12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ**

- 12.1. Сақтандыру оқиғасы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
  - 2) Сақтанушының, Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттері;
  - 3) үшінші тұлғалардың сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін іс-әрекеттері;
  - 4) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттері;
  - 5) жеке сот орындаушысының заң көмегін көрсету туралы шарт жасаспай, сол сияқты мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде сот қызметтерін көрсету шеңберінде өзге де құжаттарды ресімдемей заң көмегін көрсетуі;
  - 6) лицензияның қолданылуы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған кезеңде қызметті жүзеге асыру.
- 12.2. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
  - 2) әскери іс-қимылдар, лаңкестік актілері;
  - 3) азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
- 12.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі;
  - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;

- 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
  - 4) Сақтандырушыны осы Қағидалардың 9-бабында көрсетілген мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу/уақтылы хабардар етпеу. Сақтандырушыны Шартта көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету фактісі Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетімен (мүмкіндігімен) тікелей байланысты (уәкілетті органға есептерді уақтылы және дұрыс ұсыну, сақтандыру төлемі үшін резервтік сомаларды уақтылы қалыптастыру және т.б.);
  - 5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.
- 12.4. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе, оған сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.
  - 12.5. Сақтандыру төлемінен бас тартуға негіздер болған кезде Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.
  - 12.6. Сақтандырумен моральдық зиян, ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату арқылы келтірілген зиян, Сақтанушының (Пайда алушының) шығындары (соның ішінде айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, басқа мүлікті жалдау, басқа үй-жайды жалдау немесе мүлікті жөндеу кезінде қонақүйде тұру бойынша шығыстар, иссапар шығыстары, мүлікті күзету бойынша шығыстар, өндірістің тоқтап қалуына байланысты залалдар, мүліктің тауарлық құнының/тауарлық түрінің жоғалуы, алынбаған пайда) өтелмейді.

### **13. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ**

- 13.1. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың екіжақты келісімі бойынша, бір Тараптың жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
- 13.2. Мынадай жағдайларда Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:
  - 1) Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы ауыстырылған кезде;
  - 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі өзгерген кезде;
  - 3) Шарт бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттері өзгерген кезде.
- 13.3. Тараптардың бірі өтінішті алған сәттен бастап шешім қабылданған сәтке дейін Шарт бұрынғы талаптармен қолданылады.
- 13.4. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу және оған қол қою арқылы ресімделеді.
- 13.5. Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделген және екі Тараптың уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күшінде болады.
- 13.6. Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Шартты мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен басқа, Шарт мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
  - 1) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуі;
  - 2) Сақтанушының бастамасымен Шарттан бас тарту;
  - 3) Сақтандырушының бастамасымен Шарттан бас тарту;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Шартта белгіленген жағдайларда.
- 13.7. Бұл жағдайларда Шартты тоқтатуға негіз ретінде қарастырылған мән-жайлар туындаған сәттен бастап Шарт тоқтатылды деп саналады, ол туралы мүдделі тарап екінші тарапқа

- жазбаша түрде дереу хабарлауы тиіс. Сақтанушы осы тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 13.8. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды. Сақтандыру төлемін қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы болған Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушы жүзеге асырады.
- 13.9. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.
- 13.10. Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде одан бас тартқан кезде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.
- 13.11. Осы Қағидалардың 13.6-тармағының 1) - 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шарт тоқтатылған кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.
- 13.12. Осы Қағидалардың 13.6-тармағының 3) - 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Шарт тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары: егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті Сақтандырушыға ұсынған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, мөлшері сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30%-ын құрайтын іс жүргізуге жұмсалған шығыстарды шегергенде, сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі қайтарылуға жатады.
- 13.13. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның шарттарын орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.
- 13.14. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың шарттары, негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

#### **14. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 14.1. Сақтандыру төлемін уақтылы төлемеген кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 14.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайларда төтеп беруге болмайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауаптылықта болмайды.
- 14.3. Форс-мажорлық мән-жайларға мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді: дүлей зілзалалар (су тасқыны, жер сілкінісі, топырақтың шөгуі, сырғымалар, тау опырылуы, тас құлауы, қар көшкіні, сел тасқыны), соғыстар немесе кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, қоршаулар, мемлекеттік органдардың тыйым салулары.
- 14.4. Форс-мажор мән-жайлардың қолданысын сезінетін тарап, егер Шартта өзгеше көзделмесе, осындай мән-жайлардың басталғаны туралы екінші тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.
- 14.5. Форс-мажор жағдайларының әсері құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

## **15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ**

- 15.1. Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.
- 15.2. Тараптар өзара келісімге келе алмаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.